

11

БЕКІТІЛДІ
Алматы телекоммуникация және
машина жасау
қолбаспа институты директоры
Коджахметова А.Б.
28.09.2023 жыл



2022-2023 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмыстары бойынша
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Алматы-2023

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу—барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз—жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркіелінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан-Адалазамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адалазаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқару форманың бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»—ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиеті тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бойтүзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салты нұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жетіата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлер дібіледі, оны сақтайды.
3. Әрісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тәнт азалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесін қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салты нұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асырудың абалдардың жасерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелермен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	«Сәлем, жана оқу жылы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Колледждің ішкі тәртібімен танысу	Кураторлық сағаттың жоспары/ сценарі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, куратор
2	1 қыркүйек - "Білім күні", "Қазақстан Республикасының Конституциясы күні" Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизмге арналған бірыңғай сынып сағатын өткізу	Әдістемелік әзірleme, фотоесеп	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім менгерушілері, тәрбиешілер, топ кураторлары
3	«Алло біз таланттарды іздейміз-2023» жас таланттарды іріктеу конкурсы (Байқауы)	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-организатор
4	«Денсаулық фестивалі - 2022» Жалпы колледжшілік жаттығу, спорттық жарыс	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дене тәрбие оқытушылары
5	«Қазіргі жас отбасы: ол қандай болуы керек?» тақырыбында бейне материалдар әзірлеу.	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Колледж психологы, мейірбике
6	«Жасөспірімдер үшін кеңес: Как не стать жертвой	Кураторлықсағаттың	Директордың тәрбие ісі

буллингa?»	жоспары/ сценарі	жөніндегі орынбасары, куратор
------------	---------------------	----------------------------------

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ айы

- *1қазан-Қарттар күні*
- *5 қазан – Мұғалімдер күні 25қазан–Республика күні*
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
 - Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165жыл
 - Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
 - Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135жыл
 - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократақыны Торайғыровтың туғанына 130жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	1 курс топтарының көркем өнерпаздар байқауын ұйымдастыру және өткізу	Студенттер тізімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, кураторлар.
2	«Алло біз таланттарды іздейміз-2023» жас таланттарды іріктеу конкурсы (Байқауы)	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-организатор

3	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, кітапхана
4	«Терроризм және оның салдары», «Қауіпті жағдайдағы іс-әрекеттер» тақырыптары бойынша сынып сағаттары	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, Жастар ісі жөніндегі инспектор, топ кураторлары
5	«Үлкенге құрмет» нұсқаулықтары аясында бейнеролик челленджі	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
6	«Менің отаным Қазақстан» бейнероликтер байқауы	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
7	«Жасыл ел - Жасыл колледж», «Таза қала» көгалдандыру акциясы Экологиялық акция	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Топ кураторлары
8	Дүниежүзілік студенттер мерекесіне "Студенттерге арнау" кешін дайындау және өткізу	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Жастар ісі- жөніндегі комитет
9	"Мұғалімдер күніне" арналған құттықтау концертін ұйымдастыру және өткізу	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, тәрбиешілер
10	Студенттердің өзін-өзі басқаруы, «Ұстаздар күніне» және т.б. мерекелерде студенттердің өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыру	Ақпараттық желіге салу, фотоесеп	Педагог- ұйымдастырушы, Жастар ісі жөніндегі комитет

ҚАРАША–ПОЭЗИЯАЙЫ

- 15 қараша – Ұлттық валюта күні
- 17 қараша - Дүниежүзілік студенттер күні

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП			
1	Дүниежүзілік студенттер мерекесіне "Студенттерге арнау" кешін дайындау және өткізу	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Жастар ісі- жөніндегі комитет
2	Ұлттық валютаның күніне арналған тақырыптық сағаттары.	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Топ кураторлары
3	«Тоғызқұмалақ-дау» колледішілік спорттық іс-шара	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Дене шынықтыру пәнінің оқытушылар, топ кураторлары
4	Күз мезгіліне арналған «Autumn Rhapsody» атты күзгі мерекелік кеші	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жастар ісі- жөніндегі комитет, топ кураторлары
5	"Болашаққа бағдар - Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Кітап-руханиятына" сыныптан тыс іс-шара ұйымдастыру және өткізу	Есеп беру, әлеуметтік желілерде орналастыру	Кітапхана меңгерушісі, топ кураторлары
6	Дін істері қызметкерлерінің колледж студенттерімен кездесулерін ұйымдастыру	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

7	1-2 курс ата-аналарына арналған жалпы колледждік ата-аналар жиналысы.	Хаттама, фотоесеп	Топ кураторлары
---	---	-------------------	-----------------

ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық топ сағаты «Тәуелсіздік таңы мәңгілік!»	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, тәрбиешілер
2	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне топтық сағаттар	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Топ кураторлары, "Саналы ұрпақ" клубтары
3	Студенттер үшін жана жылдық карнавал ұйымдастыру және өткізу	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары
4	TDX форматында мотивациялық кездесу	Білім алушыларға TDX форматында мотивациялық кездесулер, видеороликтер түсіру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
5	«Таным.Тағылым.Тәрбие» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	"Жастар Рухы" Жастар Қанатымен "Сыбайлас жемқорлық" тақырыбында "Таза сессия"сыныптан тыс іс-шараны ұйымдастыру және өткізу:	Есеп беру, әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары
2	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында кураторлық сағаттар	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары

АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ айы

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында кураторлық сағаттар	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
2	" АКТиМ ханзадасы мен ханшайымы - 2024" конкурсын	Есеп беру, әлеуметтік	Директордың тәрбие ісі

	ұйымдастыру және өткізу	желілерде орналастыру	жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары
3	Қаланың мұражайларына экскурсиялар	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру.	Топ кураторлары
4	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Кураторлық сағаттың жоспары/сценарийі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
5	1-2 курс ата-аналарына арналған жалпы колледждік ата-аналар жиналысы.	Хаттама, фотоесеп	Топ кураторлары

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз –Алғыс айту күні
- 8 наурыз –Халық аралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында кураторлық сағаттар	Кураторлық сағаттың жоспары/сценарийі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
2	«8 – Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі» күніне арналған мерекелік іс-шара концерт	Есеп беру, әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ

3	«Наурыз-күт, береке бастауы!» - Колледжде Наурыз мерекесін атап өту, кабырға газеттерін шығару.	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру.	кураторлары. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог – ұйымдастырушы, топ кураторлары
4	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Есеп беру, әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары.
5	Театрларға мәдени іс-шараларға баруды ұйымдастыру және өткізу – спектакльдерді, қойылымдарды карау және талқылау	Әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12сәуір-Ғылымкүні

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	Әзілкештер «Жайдарман» ойындарын ұйымдастыру	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог – ұйымдастырушы, топ кураторлары
2	«Жасыл ел - Жасыл колледж», «Таза қала» көгалдандыру акциясы Экологиялық акция	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Топ кураторлары
3	"Көңілді старт" конкурсын ұйымдастыру және өткізу студенттердің қатысуымен спорттық жарыстар	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

	ұйымдастыру		дене тәрбие оқытушылары
4	Футбол бойынша колледжішілік біріншілік	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дене тәрбие оқытушылары
5	Ғылым күніне орай «Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы») жобасы) тақырыбында кураторлық сағаттар	Кураторлық сағаттын жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
6	«Болашақ - бұл біз» тақырыбында пікірталас өткізу	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Тәрбие бөлімі. Дебаттық клуб

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	Колледжде 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шара өткізу	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
2	«Ер мен елдің жеңісі» Жеңіс күніне арналған, жыл сайынғы әскери-патриоттық айын өткізу	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	АӨД оқытушы-ұйымдастырушысы, АӨД оқытушылары

3	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында кураторлық сағаттар	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
4	Репрессия құрбандарын еске алу күніне орай «Репрессия құрбандары» атты іс-шарасы	Әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
5	Дін істері қызметкерлерінің колледж студенттерімен кездесулерін ұйымдастыру	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

МАУСЫМ

- 1 маусым – балаларды қорғау күні
- 4 маусым - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні

№	Іс-шара атауы	Көрсеткіш / соңғы нәтиже	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР : ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)			
1	Балалар үйіне көмек көрсету қайырымдылық іс-шарасы	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне арналған тақырыптық кураторлық сағаттары	Фотоесеп, әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
3	"Жастар Рухы" Жастар Қанатымен "Сыбайлас жемқорлық" тақырыбында "Таза сессия" сыныптан тыс іс-шараны ұйымдастыру және өткізу:	Есеп беру, әлеуметтік желілерде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары

4	«Түлек – 2024» түлектерге диплом табыстау рәсімі. Мерекелік кеш.	Әлеуметтік желіде орналастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ кураторлары
---	---	----------------------------------	--